

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңынан Ғарыш жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 қазандағы № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 794 қаулысы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 140 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңынан Ғарыш жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 қазандағы № 1087 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңынан Ғарыш жөніндегі кеңес туралы ережеде:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Занын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту үшін ғылым, білім, өндіріс пен қаржы-кредит саласын ықпалдастыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешу, табиғи апаттар туралы ескерту және қысылтаяң жағдайларда құтқару үшін ғарыш құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) ғарыш қызметін дамыту үшін "Байқоңыр" кешенін, мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану және сыртқы инвестицияларды тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық прогресі мен ұлттық қауіпсіздігі мүддесі үшін ғарыш саласындағы ғылым жетістіктерін және жаңа технологияларды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін сақтау, қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) ғарыш қызметін дамытудың басым бағыттарын қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Кеңестің функциялары:

1) ғарыш қызметі саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және зияткерлік меншікті құқықтық қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) ғарыш қызметі саласы үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру және космонавтика жетістіктерін насиҳаттау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстанның қорғаныс кешенін конверсиялау және оның ғылыми және материалдық-техникалық әлеуетін ғарыштық аспап құрастыруда тиімді пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

4) ғарыш саласындағы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалы және тиімді бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

5) "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуі жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) әлеуетті құрылымдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ғарыш жүйелерін құру және қолдану бойынша өзара іс-қимыл жасауының тетіктерін әзірлеу;

7) ғарыш жүйелеріне қойылатын негізгі талаптарды айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

8) ғарыш технологияларын енгізу және ғарыш аппараттарын оңтайлы жүктеу жөнінде шаралар әзірлеу.;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеңесті төраға - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басқарады. Кеңестің құрамына Кеңес төрағасының орынбасары, хатшы және Кеңес мүшелері кіреді.;"

7-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ғарыш қызметінің мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары, Әділет, Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Сыртқы істер, Қолік және коммуникация, Корғаныс, Төтенше жағдайлар, Білім және ғылым, Қоршаған органды қорғау министрліктерінің, Ұлттық ғарыш агенттігінің бірінші басшылары, Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілі, Индустрія және жаңа технологиялар, Өнерлік даму министрліктерінің бірінші басшыларының бірінші орынбасарлары, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ғарыш қызметінің мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары кіреді.;"

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Фарыш жөніндегі кеңестің құрамы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2013 жылғы 5 тамыздағы
№ 794 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 31 қазандағы
№ 1087 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Фарыш жөніндегі кеңестің құрамы

Ахметов

Серик – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Нығметұлы

Мұсабаев

Талғат

Амангелдіұлы

Казиев

Баглан

Нұрланұлы

Келімбетов

Қайрат

Нематұлы

Имашев

Берик

Мәжитұлы

Жемішев

Болат

Бидахметұлы

Досаев

Ерболат

Аскарбекұлы

Ідырысов

Елан

Әбілфайызұлы

Жұмағалиев

Асқар

Куанышұлы

– Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы, төраганың орынбасары

– Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі Ғарыш қызметін дамыту департаментінің директоры, хатшы

– Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

– Қазақстан Республикасының Әділет министрі

– Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

– Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі

– Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

– Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі

Жаксыбеков Әділбек Рыскелдіұлы	– Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
Б о ж к о Владимир Карпович	– Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Жұмагұлов Бақытжан Тұрсынұлы	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Қаппаров Нұрлан Жамбылұлы	– Қазақстан Республикасының Қоршаган органды қорғау министрі
Р а у Альберт Павлович	– Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі
Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы	– Қазақстан Республикасының Өнірлік даму бірінші вице-министрі
Әмірин Ғұсман Кәрімұлы	– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Нұртаев Ырзакұл Сәденұлы	– Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілі (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК